

Қаржылық сауаттылық – қауіпсіз болашақ келілі

М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-да «Тәрбие ісі және жастар саясаты» департаментінің ұйымдастыруымен «Қаржылық сауаттылық – табысты болашақтың негізі» тақырыбында ашық тәлімгер сағаты өтті. Іс-шара «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және қауіпсіздік білім беру бағдарламалары» мамандықтарының 1-3-курс студенттері үшін ұйымдастырылды. Іс-шараның өтуіне «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасының аға оқытушылары Г.Ермекбаева, С.Мелдебекова, Л.Шәймерденова және А.Баймұсаева атсалысты.

Аталмыш жиында ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Шымкент қаласы бойынша өңірлік өкілдер басқармасының бас маманы Сымбат Аталықова, Шымкент қаласындағы Әл-Фараби ауданының прокуроры Асқар Әлімбаев, Шымкент қаласы бойынша экономикалық тергеу департаментінің подполковнигі



Аслан Ысқақов қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша ойларымен бөлісті.

Сымбат Аталықова қаржы нарығын реттеу және дамыту саласымен таныстырып, студенттерге блиц-сұрақтар негізінде ойын өткізді. А.Әлімбаев алаяқтық жағдайларының түрлері мен оларға қатысты статистикалық мәліметтер келтіріп, қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын атап өтті.

Университетте өткізілген мұндай іс-шаралар студенттердің қар-

жылық мәдениетін арттыруға, саналы қаржылық шешім қабылдау дағдыларын дамытуға және болашақта қаржылық тұрақтылыққа ұмтылуына оң өсерін тигізеді деген үміт мол.

**Г.ЕРМЕКБАЕВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚЗУ-дың «Есептеу
техникасы және
бағдарламалық
қамтамасыз ету»
кафедрасының
аға оқытушысы.**